



# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Құрмет

### САЛТАНАТТЫ ШАРА:

# АДАЛ ЕҢБЕККЕ ЛАЙЫҚТЫ БАҒА

Кеше «Өнер орталығында» 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған «Қанатты қалам – 2026» салтанатты шарасы өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен сала ардагерлері қатысты. Аймақ басшысы журналистерді кәсіби мерекемен құттықтап, өңірдегі бастамалар мен жаңашылдықтарды халыққа шынайы жеткізудегі еңбектерін жоғары бағалады.



– Бүгін – мерзімді басылымдарда, телеарналарда, ақпараттық агенттіктер мен интернет-басылымдарда еңбек етіп жүрген шығармашылық өкілдерінің, сондай-ақ журналистің сюжетін экранға, мақаласын оқырманға жеткізуге үлес қосатын барлық мамандардың кәсіби мерекесі. Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін Ақордада қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты рәсімде «Qyzylorda» телеарнасының ардагері Қарабала Жағыппар Аманжолұлы «Парасат» орденімен марапатталды. Бұл – Сыр журналистикасына көрсетілген зор құрмет пен жоғары баға. Президент өз сөзінде: «Журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды», – деп атап өтті. Ұлттық журналистика тарихында Сыр өңірінің өзіндік орны бар. Фасырлық белесіне жақындаған басылымдар мен тәуелсіздік жылдары жарық көрген газеттер – аймақтың шежіресін сақтаған рухани қазына. Олар өңірдің тарихын, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени-рухани жаңғыруын айғақтайтын құнды дереккөз болып табылады. Биыл өңірдің жетекші

ақпарат құралы – «Qyzylorda» телеарнасы 35 жылдық мерейтойын атап өтті. Осы уақыт ішінде телеарна аймақтағы жаңалықтарды жедел таратып, ел өміріндегі маңызды саяси-әлеуметтік оқиғалардың сенімді ақпарат көзіне айналды. Ал отыз жылға жуық тарихы бар «Қоғам ТВ» телеарнасы да өңірдің ақпараттық саясатында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Аймақ телевизиясының бүгінгі жетістігі – ардагер журналистердің өлшеусіз еңбегінің жемісі. Ақпарат айдынында өзіндік із қалдырған майталман мамандардың кәсібилігі мен табандылығы өңірлік тележурналистиканың берік негізін қалады. Бүгінде сол мектептен тәлім алған мамандар республикалық ірі медиахолдингтер мен жетекші телеарналарда жемісті еңбек етіп, Сыр журналистикасының абыройын асқақтатып келеді. Тәуелсіздік шежіресін, Сыр өңірінің жылнамасын қалыптастыру жолындағы

қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Мұрат Нәлқожаұлы. Ақорда төрінде өткен салтанатты рәсімде Мемлекет басшысы журналистерді қолдауға және олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше назар аударылатынын атап өткен еді. Соңғы үш жылда Астана қаласында 200 журналист баспаналы болса, биыл бұл игі бастама алғаш рет өңірлерді де қамтыды. Президент тапсырмасына сәйкес, облыстарда еңбек етіп жүрген ақпарат саласының 66 қызметкеріне пәтер кілттері табысталды. Біздің өңірден бұл қуанышқа «Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары Әзіз Батырбеков пен «Qyzylorda» телеарнасының телеоператоры Рамазан Жүсіпбек ие болды. Салтанатты рәсімде ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар

журналист пен сала қызметкерлері «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгілерімен, Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағымен, сондай-ақ ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасарының, Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің және облыс әкімінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталды. Сонымен қатар, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы, әріптесіміз Кенжетай Қайрақбаев «Жаңалық жаршысы» номинациясын иеленді.

Сезім НҰР



## Құттықтау

Құрметті баспасөз саласының өкілдері, сала ардагерлері!

Сіздерді 28 маусым – байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ақпарат – қоғамның дамуы мен өркендеуінің басты қозғаушы күштерінің бірі. Ал сол ақпаратты халыққа дер кезінде, шынайы әрі жан-жақты жеткізетін мамандар – журналистер, редакторлар, операторлар, тілшілер және медиа саласының қызметкерлері. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтып, ел өміріндегі маңызды оқиғаларды көпшілікке жеткізуге зор үлес қосады.

Қазір цифрлық технологиялар дәуірінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Интернет, әлеуметтік желілер және жаңа медиа платформалар ақпарат тарату мүмкіндігін кеңейтсе де, кәсіби журналистиканың негізгі қағидалары – дәлдік, жауапкершілік пен әділдік – әрдайым басты орында қалуы тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары – халықтың үні. Сондықтан бүгінгі мереке тек баспасөз қызметкерлерінің ғана мерекесі емес, барша оқырман қауымының мерекесі десек те болады. Аудандағы өрелі істерді, ауқымды шараларды, аудан еңбеккерлерінің жасампаз істерге толы шежіресін жазуға «Жалағаш жаршысы» газетінің қаламгерлері зор үлес қосып келеді. Қазір таңда газетіміздің шыға бастағанына тоқсан жылдан асты. Осы уақыт ішінде аудандық газет елдің көкейіндегісін айтатын, еңбеккерлердің ерен еңбегін жас ұрпаққа насихаттайтын басылым болды.

Құрметті қаламгерлер, журналистер, баспасөз қызметінің ардагерлері!

Төл мерекелеріңіз тағы да құтты болсын! Шығармашылық табыс, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Қаламдарыңыз мұқалмасын! Егемен еліміздің игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін.

Аудан әкімі  
Ардақ ИБРАИМОВ

## Ауыл тынысы

Сәрсенбі күні аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың 2026 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша атқарылған жұмыстар жөніндегі халықпен кездесуі басталды. Ең алдымен Жаңадария ауылының жұртымен жүздескен аудан басшысы, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындарды толғандырған мәселелер төңірегінде халықпен пікір алмасты.

### Несібесін Жер-Анадан терген

Аудан әкімі халықпен кездесу барысында Мемлекет басшысы, Үкімет және облыс әкімінің қолдауымен ауданда атқарылып жатқан негізгі жұмыстар мен алдағы кезеңде жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады. Сонымен қатар тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, алдағы жоспарларды бірлесіп талқылады.

Жаңадария ауылы аудан орталығынан шалғай орналасқанына қарамастан, шаруашылығы жақсы дамыған елді мекендердің бірі. Қазіргі таңда ауылда 105 отбасы, 555 тұрғын өмір сүруде. Халықтың негізгі күнкөріс көзі – егін мен мал шаруашылығы. Күріш алқаптары болмаса да, ауыл тұрғындары бақша өнімдерін өсіруде жыл сайын жоғары нәтижеге қол жеткізіп, өзге елді мекендерге үлгі болып келеді.

Ауылдың әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Өткен жылғы есепті кездесуде тұрғындар ішкі көшелердің сапасына қатысты мәселе көтерілген болатын. Аталған ұсыныс назарға алынып, Қ.Сәтбаев, Жаңадария, Достық және Мектеп көшелерін жөндеуге 366 млн 857 мың теңге қаржы қаралды. Оның 105 млн 380 мың теңгесі

# ЕЛДІҢ МӘСЕЛЕСІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



өткен жылы игерілген. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша мердігер мекеме ретінде «Жаңақорған Жібек жолы» ЖШС анықталды. Қазіргі уақытта Мектеп және Достық көшелеріне асфальт төсеу, жол жиектерін орнату жұмыстары толық аяқталған. Ендігі кезекте жол белгілерін орнату және жолақтарды сызу жұмыстары жүргізіледі. Алдағы уақытта Қ.Сәтбаев және Жаңадария көшелерін жөндеу жоспарланған. Ауылдың жарықтандыру жүйесін жақсарту мақсатында Абай көшесіндегі электр бағаналарына 529 мың теңгеге түнгі жарық

шамдары орнатылған. Сонымен қатар биыл ауыл мектебінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, білім ордасының қауіпсіздігін күшейту үшін жалпы құны 7,2 млн теңгеге 32 бейнебақылау камерасы қойылған. Осылайша, Жаңадария елді мекенінде тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Жаңадария ауылының тұрғындары негізінен бау-бақша өнімдерін өсірумен, мал шаруашылығымен және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысады. Биыл ауыл

тұрғындарының бастамасымен Іңкәр каналының бойындағы 100 гектар жерге бақша дақылдары егілді. Былтыр ауыл тұрғындары Бестам, Қызылту, Егенбайдың табаны және Таңсықбайдың тақыры бағытындағы алқаптарға 200 гектарға жуық жерге бақша дақылдарын орналастырған. Атап айтқанда, қауын, қарбыз, картоп, асқабақ, қант қызылшасы мен сәбіз өсіріп, алынған өнімдерін аудан және облыс орталықтарында өткен жәрмеңкелерде сатылымға шығарған. Елді мекеннің жалпы жер қоры 11 226 гектарды құрайды. Оның ішінде 3 439 гектары

жайылымдық, 99 гектары шабындық және 32 гектары егістік жерлер. Ауылда кәсіпкерлік саласы да қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда 48 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 23 шаруа және фермер қожалығы, 23 жеке кәсіпкер жұмыс істейді. Сонымен қатар 2 азық-түлік дүкені жергілікті тұрғындарға қызмет көрсетуде.

Білім саласында да оң нәтижелер бар. Жаңа оқу жылын ауыл мектебі 91 оқушымен бастаған. Оның ішінде 6 оқушы алғаш рет мектеп табалдырығын аттаса, 6 оқушы мектеп бітіруші түлек. Ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы кезеңіне түлектер түгел қатысып, жақсы нәтиже көрсеткен. Мәселен, Нұртөре Жақсыбай 111 балл жинап, ауылдың ғана емес, аудан мерейін үстем еткен. Сондай-ақ 9-сыныпты тәмамдаған 3 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанған.

Айта кетейік, мұнда мектеп жанынан 20 балаға арналған «Береке» шағын орталығы жұмыс істейді. Қазіргі таңда орталықта 3 пен 5 жас аралығындағы 18 бала тәрбиеленуде. Кешегі өткен кездесуде жергілікті тұрғындар мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін көтерді. Ауыл тұрғындарының айтуынша, 50 жылдан астам тарихы бар білім ордасының есік-терезелері әбден ескіргендіктен, қыс мезгілінде ғимараттың іші салқын болады. Салдарынан «Береке» шағын орталығының тәрбиеленушілері жиі тұмауратып, сырқаттанып қалған.

Жаңадариялықтардың ұсынысын назарға алған аудан басшысы мектептерді кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өткізу жоспарланғанын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

# ЕЛДІҢ МӘСЕЛЕСІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ


## Ауызсу жүйесі жаңғыртылуда

Ақсақалдардың ақбатарын алған аудан әкімі бұдан кейін Аламесек ауылына табан тіреді. Жауапты сала басшыларымен бірге ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын тыңдаған Ардақ Әбдіғалпапарұлы Аламесек ауылдық округінде соңғы екі жылда ауқымды жобалар жүзеге асқанын атап өтті. Оның айтуынша, елді мекендегі түйткілді мәселелер кезең-кезеңімен атқарылып келеді. Кездесу барысында ауылдың дамуына қолдау көрсеткен аудан басшысына тұрғындар өз ризашылықтарын білдірді.

Аламесек тұрғындары бұған дейін ауыл ішіндегі көшелердің сапасына қатысты мәселені жиі көтеріп келген болатын. Осыған байланысты елдің талап-тілегі ескеріліп, Т.Бисенбаев, Белебай би, Өмірбай шешен, Жаңажарма және Сарман батыр көшелері күрделі жөндеуден өтті. Жобаның жалпы құны 545,8 млн теңгені құрады.

Сонымен қатар тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту мақсатында электр желілерінің құрылысы жүргізіліп, оған 357 млн теңге жұмсалды. Қазіргі таңда бұл жобалардың игілігін ел тұрғындары көріп отыр. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, қоқыс полигоны қоршалған.

Ауылдағы ағайынның ауызбіршілігі мығым. Тілшілік тірлікпен ауылға атбасын бұрған сайын тұрғындардың бірлесуімен атқарылған ауқымды жұмыстарға талай күз болғанбыз.



Мұнда шаруашылық құрылымдарының демеушілігімен жалпы құны 9 млн теңгеге 8 көшеге атап айтқанда Белебай би, К.Әбішев, Көкпая, Жаңажарма, Боранбай би, Сарман батыр, Т.Бисенбаев, Өмірбай шешен көшелеріне 136 жарық шамы орнатылған. Сонымен қатар «Көктөбе» шаруа қожалығы жалпы құны 5 млн теңгеге Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш тұрғызылған. Елді мекендегі өрт сөндіру бекетінің ғимараты да демеушілер есебінен салынып, бүгінде қажетті техника және арнайы жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда мұнда ауызсу жүйесін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Елді мекеніндегі су қоймасы 2009 жылы салынған. Уақыт өте келе ішкі желілерінің барлығы істен шығып, жергілікті халыққа бірнеше жылдан бері су мұнараны арқылы су беріліп келеді. Осы ретте былтыр ел қазынасынан ауылдың ауызсу жүйесін жаңғырту және кеңейту жұмыстарына 388,1 млн теңге бөлінген. Мұнан бөлек әрбір тұрғын үйге заманауи электрорнді су есептегіш құрылғылары орнатылады. Аталған жұмыстар шілде айында толық аяқталмақ.

Бұған дейінгі есепті кездесуде ауыл тұрғындары елді мекендегі апатты жағдайдағы емхана мәселесін көтерген болатын. Бүгінде бұл мәселе өз шешімін тауып, 2023 жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңа дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді. Қазіргі таңда емхана заманауи медициналық және санитарлық талаптарға сай жұмыс жасап тұр. Алайда есепті кездесуде тұрғындар аудан басшысының назарына жедел жәрдем көлігінің тозығы жеткенін жеткізді. Мұнан бөлек тұрғындар елді мекеннің шет көшелері Алтын қорған, Жаңа қонысқа тас төсеу жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

Елдің талап-тілегін назарға алған аудан әкімі тиісті сала басшыларына тапсырма беріп, елдің мәселесі ескерусіз қалмайтынын айтты.

## Еңбекпен еңсе тіктеген

Аудан әкімінің жұмыс сапары мұнан әрі Еңбек ауылында жалғасты. Мәдениет үйіне жиналған жергілікті тұрғындардың ахуалымен танысқан аудан басшысы ең алдымен атқарылған жұмыстарды саралады.

Үш жүзден аса отбасы түтінін түтетіп отырған ауылда 1500-ден аса халық тату-тәтті ғұмыр кешуде. Атына заты сай ауыл тұрғындары жыл сайын еңбекпен еңсе тіктеп, тұрмысын түзетіп келеді. Мұнда «Еңбек Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен бірқатар жобалар қолға алынған. Нақтырақ айтсақ, Желтоқсан көшесіне 800 метр жерге асфальт төсеу жұмыстары жүргізіліп, озат сушы, механизаторларға 3 тұрғын үйдің кілті табысталған.

Сонымен қатар елді мекеннің электр желілерінің құрылысына жоба-сметалық құжат әзірленген. Серіктестіктің демеушілігімен елді

мекендегі ауданаралық жол бойынан «Рәміздер алаңы», жаяу жүргіншілер жолы мен түнгі жарықтандыру жұмыстары жүзеге асырылып, Желтоқсан көшесімен Сырбай ата көшесінің қиылысына заманауи ойын алаңы салынған. Серіктестіктің септігімен жүзеге асқан тағы бір ерекше жоба «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінен Еңбек, Аламесек, Жаңадария ауылдарына қарай бағыт алатын ауданаралық жол бойына арқа орнатып, елді мекен паспорты жасалды. «Еңбек Жер» ЖШС-нің тағы бір іргелі жобаларының бірі – ауылда күрші зауытының іргетасы қаланып, Қазіргі таңда аталған жобаның құрылыс жұмыстары басталған.

Ал «Өңірлерді дамыту 2025» бағдарламасы аясында Қ.Адаев, Ынтымақ, Е.Бисенбаев көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Мұнан бөлек, дәл осы бағдарлама аясында ауыл шаруашылығы санағына байланысты елді мекендегі тұрғын үйлерге көше атауы нөмірлерімен QR кодпен әзірленіп ілінген. Сонымен қатар, елді мекеннің кіре беріс аймағына жасыл желектерді қорғауға арналған металдан торлы қоршау орнатылған. Елді мекенде жан-бай қалған бағаналардың жарығын ауыстыру жұмыстары да назардан тыс қалмаған.

Жергілікті тұрғындар мал және егін шаруашылығын дамытып, табысын арттыруда. Мәселен, биыл ауыл тұрғындары 1637 гектар жерге күрші, 535 гектарға жаңа жоңышқа егіп, 763 гектарға ескі жоңышқаны күтімге алған. Аядай ғана ауылда кәсіпкерлік сала-сы қарқын алған. Бүгінде олар мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп отыр. Яғни мұнда жыл басынан бері 9 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 5 ауыл тұрғыны төрт түліктің ішінде сиыр басын көбейту бойынша қайтарымсыз грант иегері атанып, өз кәсіптерін бастаған.

Ауылда жұмыссыздық мәселесін тұсау мақсатында 15 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған. Олар ауылды көркейту көгалдандыру санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу бағытында жұмыс жасайды. Сондай-ақ жастар тәжірибесіне 4 адам қабылданып, 8 адам ауылдық округке қарасты мекемелерге, шаруашылық құрылымдарына тұрақты жұмысқа орналасқан.

Елді мекенде Қ.Адаев, Ынтымақ, Е.Бисенбаев көшелеріне түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Қаржылай қолдау табылса, бұл жобалар биыл да жалғасын тауып, ауылдағы электр желілерінің құрылысы жаңартылмақ. Мұнан бөлек, М.Байділдаев, Т.Дәуітбаев, Абай көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Кездесу соңында ауыл тұрғындары ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға беріп, аудан әкімінің алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

## Демеушілер дем берген

Келелі кездесу мұнан әрі Аққұм ауылында жалғасты. Мұнда ауылды көркейту көгалдандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен қарқынды

жүріп жатыр. «Жасталап» ШҚ төрағасы Кен-Жехан Жадиловтың қолдауымен Бейбітшілік көшесінің 750 метр аумағы қоршалып, ағаштар егілген. «Бірлік-А» шаруақожалығы М.Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңды 1,3 млн теңгеге жарықтандырған. Сондай-ақ Ауған соғысы ардагерлеріне арналған аллея да ашылған. Мемлекеттік «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Қ.Бекенов көшесі жарықтандырылып, Бейбітшілік және Б.Ақдәулетов көшелеріндегі бейнебақылау камералары мен жол белгілері жаңартылған.

Ауыл тұрғындары негізінен егін және мал шаруашылығымен айналысады. Тұрғындар егін егу мен мал өсіруді кәсіп етіп, өңірдің аграрлық әлеуетін арттыруға өз үлестерін қосып келеді. Жалпы жер көлемі 15 500 гектарды құрайды, оның ішінде егістік, жайылымдық және шабындық жерлер бар. Былтырғы маусымда ауыл еңбеккерлері егін шаруашылығынан жақсы нәтиже көрсеткен. 1922 гектар жерге күрші, 605 гектар алқапқа жаңа жоңышқа және 82 гектарға мақсары дақылын еккен. Сонымен қатар 1228 гектар ескі жоңышқа, 173 гектар жерге жаздық бидай екен.

Аққұм ауылында соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық даму қарқынды жүріп, инфрақұрылымды жақсарту бағытында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылған. 1800-ге жуық тұрғыны бар елді мекенде жүзге жуық шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тұрақты жұмыс істеп, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға үлес қосып отыр. Сонымен қатар тұрғындар кәсіп ашуда мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалануда.

Ауыл инфрақұрылымын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілген. Мектеп бітіргендеріне 20 жыл болған түлектер 2,5 млн теңгеге Желтоқсан мен Жастар көшелерінің қиылысынан балалар ойын алаңын салып берген. Сондай-ақ ауыл тұрғыны, кәсіпкер Айбек Сапаевтың демеушілігімен 38 млн теңгеге заманауи талаптарға сай тағы бір ойын алаңы бой көтерген. Бұл бастамалар бүгінде ауыл балаларының бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беріп отыр.

Бұдан бөлек, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының қолдауымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Аққұм ауылы тұсындағы 1,6 шақырымдық бөлігі жарықтандырылған. Ауылда бірлікпен атқарылған игі істер аз емес. «Асыл дән» ЖШС демеушілігімен Шіркейлі каналы үстіңгі көпірге 10,1 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ ауылдың кіреберіс көшесіне 3,6 млн теңгеге аббаттыңдыру жұмыстары жүргізілген. Атап айтсақ, 12 дана заманауи жарық шамдары орнатылып, тамшылатып суару әдісімен көшенің екі бетіне тал егу жұмыстары жүргізілген. Мұнан бөлек «Бақдәулет» шаруа қожалығының демеушілігімен көктем мезгілінде 2,4 шақырым ауыл ішіндегі каналдарға тазарту жұмыстары жүргізілген.

Жалпы, Аққұм ауылында кәсіпкерлер және жергілікті тұрғындардың бірлескен еңбегі нәтижесінде ауқымды жобалар жүзеге асуда. Елді мекенді көркейту және көгалдандыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасып, ауылдың ажары ашылып, әлеуеті арта бермек.

## 16 көше жарықтандырылмақ

Аудан әкімінің халықпен кездесуі мұнан әрі дамудың даңғыл жолына түскен Бұқарбай батыр ауылында жалғасты. Елді мекенде инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Мәселен «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында өткен жылы облыстық бюджет есебінен Н.Оспанқұлов және П.Әлпейісов көшелеріне асфальт төселген болатын. Ал Биыл С.Айтұаров, Ә.Досымбетов, Қ.Сейітов, Ж.Жабаев, С.Байқадамов, Ә.Бердаулетов, Т.Үркімбаев, Ким Яков, Н.Оспанқұлов, П.Әлпейісов, Ж.Сақтағанова және Қойшығұл көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары толықтай жүргізілген. Аталған жұмыстарды мердігер «Қыран» ЖШС сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтаған.

Елді мекенді көркейту, көгалдандыру және абаттандыру бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалмапты. Былтыр бұл мақсатқа 1 миллион 500 мың теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүзеге

асырылған. Санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізуге 3 миллион теңге жұмсалған. Сонымен қатар ауыл көшелерін жарықтандыру мақсатында түнгі жарық шамдарының қызмет көрсетуіне 3 миллион 26 мың теңге қаржы қаралған. Бұдан бөлек, Абай көшесіне темір қоршаулар орнатылып, су ағатын арықтарды қазу жұмыстарына 7 миллион теңге бөлініп, толық игерілген.

Былтыр ауылдағы шаруа қожалықтар 3365 гектар жерге күрші, 50 гектарға бидай, 65 гектарға жүгері еккен. Сондай-ақ 493 гектар жерге жаңа жоңышқа, 942 гектар жерге ескі жоңышқа орналастырылып, 12 гектар алқапқа картоп егілген.

Ауылдық округтің жалпы жер қоры 30 534 гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің көлемі 15 574 гектар. Атап айтқанда, егістік жерлер – 4 688 гектар, шабындық алқаптар – 924 гектар, ал жайылымдық жерлер көлемі 6 483 гектарды құрайды.

Ауылда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда өнім өндіру, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы салаларын қамтитын 141 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 136 субъект тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. Атап айтқанда, 9 заңды тұлға, 78 шаруа қожалығы және 60 жеке кәсіпкер халыққа қызмет көрсетуде.

Білім беру саласы бойынша ауылдық округте жас ұрпақтың сапалы білім мен тәрбие алуына қажетті жағдай жасалған. Биылғы оқу жылында алтын үя 368 балаға құшағын айқара ашқан. Оның 27-і мектепалды даярлық тобына, 44-і бастауыш сыныпқа қабылданған. Мұнан бөлек, 19 оқушы мектеп бітірген. Оның 2-еуі «Алтын белгіге», 3-еуі «Үздік аттестат» иегері. Түлектердің алды ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинап үлгерген. Соның бірі – Гүлназ Бердібекқызы. «Үздік аттестат» иегері алғашқы сыныма тәсттен 123 балл жинаған.

Мектепке дейінгі тәрбие беру ісі де назардан тыс қалған жоқ. Елді мекенде орналасқан 120 орындық №13 «Балдырған» бөбекжай-бақшасы 1975 жылдан бері халық игілігіне қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде балабақшада 6 топ жұмыс жасап, 110 бүлдіршін тәрбиеленуде.

Алдағы уақытта ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және елді мекеннің инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар маңызды жобаларды жүзеге аспақ. Ең алдымен ауылшілік 16 көшені жарықтандыру жұмыстары көзделуде. Бұл жоба тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, елді мекеннің түнгі көркіні де айықшайт түспек.

Кешегі өткен кездесуде Бұқарбай батыр ауылының тұрғындары айтарлықтай мәселе көтерген жоқ. Оған негіз де бар, себебі бұл ауылда түйіні тарқатылмаған, күрделі мәселелер жоқтың қасы. Дегенмен, тұрғындарды толғандырған бір қана маңызды сауал «Көгілдір отынды қашан тұтынамыз?». Ауыл халқының сұрағына құлақ түрген аудан әкімі көгілдір отынға қосылу мәселесі кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанын айтты.

Барлық жұмыстар өз ретімен атқарылып жатыр. Өткен жылы кентке жақын орналасқан Ақсу мен Мөрәлі Шәменов ауылдары көгілдір отынға қосылды. Алдағы уақытта Қаракеткен мен сіздердің ауылдарыңызға да газ тартамыз. Жұмыстар белгіленген реттілік бойынша жалғасуда. Сондықтан көп ұзамай сіздер де көгілдір отынның игілігін көретін күн алыс емес, – деді Ардақ Ибраимов.

## Кәсіпкерлік қарқын алған

Мұнан әрі тындырымды тірлігімен талайды таңдай қақтырған Таң ауылына бағыт алдық. Жергілікті тұрғындар шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласында бірқатар оң көрсеткіштерге қол жеткізген. Өңірде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 131-ге жетіп, бүгінде оның 127-сі тұрақты жұмыс істеп тұр. Былтыр ауыл тұрғындары мемлекеттік қолдау бағдарламаларына белсенді қатысып, нәтижесінде түрлі қаржыландыру тетіктері арқылы өз жобаларын бастау мүмкіндігіне ие болған.

Мәселен, «Кең дала» бағдарламасы аясында 4 шаруа қожалығы жалпы 114 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несиеге ие болған. Сонымен қатар «Агробизнес» бағдарламасы бойынша 5 жеке кәсіпкерге 61,98 млн теңге көлемінде несие берілді. Ал «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында 10 ауыл тұрғыны жалпы сомасы 15,728 млн теңге көлемінде қайтарымсыз мемлекеттік грант иегері атанған.

Ауыл азаматтары «Ауыл аманаты» бағдарламасынан да шет қалмаған. Яғни аталған бағдарлама аясында 2 ауыл тұрғынына 7,5 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие беріліп, ауылдағы шағын бизнесті дамытуға қолдау көрсетілген. Сонымен қатар, «100 жаңа жұмыс орны» жобасы шеңберінде 23 азамат өз кәсібін ашып, жаңа жұмыс орындарын құруға үлес қосқан.

Қазіргі таңда «Таң ЛТД» ЖШС жалпы құны 422 млн теңге болатын «Өндірістік база» цехының құрылысын жүргізуде. Жоба аясында мақсарыдан май, жүйгерден ұн және күршітен лапша өнімдерін өндіру жоспарланған. Цех іске қосылғаннан кейін қосымша 22 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Айта кетейік, Таң ауылдық мәдениет үйінде балалар мен оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ұлттық салт-дәстүр мен өдет-ғұрыпты дәріптеу, мақсатында бірқатар үйірмелер тұрақты түрде жұмыс істеп келеді.

Яғни, хор, әзіл-сықақ, көркемөз оқу, жыр-терме, ән өнері, қолөнер және әжелер ансамблі үйірмелері бар. Бұл үйірмелерге барлығы 65 адам қатысып, өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алууда. Үйірме мүшелері аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Ауылдағы алтын үя 2025-2026 оқу жылын 252 оқушымен бастаған. Оның ішінде 15 оқушы алтын үя мектебімен қоштасқан. Түлектер түгел ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 100-ден жоғары балл жинауда. Олардың арасында 1 «Алтын белгі», 1 «Үздік аттестат» иегері бар. «Алтын белгі» иегері Гүлсезім Садуа 137 балл жинаса, «Үздік аттестат» иегері Ұлту Молдабекқызы, 112 балл алған.

Өздеріңізге белгілі жыл басында табиғат тосын мінез танытты. Салдарымен ауданда және ауылдық округтерде бірнеше күн бойы электр жарығы, ауызсу және жылу болмады. Таң ауылында өткен кездесуде тұрғындар «ауылда қордаланған мәселе жоқ» деді. Дегенмен олар апаттық жағдайдан кейін ауылдағы электр желілерінің әлі күнге дейін толық қалпына келмегеніне алаңдайтындарын жасырмады. Тұрғындардың айтуынша жыл басында орын алған апаттық жағдайдан кейін ауылда жарық бірде бар, бірде жоқ. Салдарымен ауыздан да қиындық туындаған. Осы ретте тұрғындардың қажеттілігін құлақ түрген аудан басшысы тиісті сала басшыларына нақты тапсырма беріп, жақын арада электр желілерін қалыңға келтіруді тапсырды.

## Жол сапасы жақсармақ

Аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпапарұлының сәрсенбеге ауылдарға жасаған сапары Ақсу ауылында қорытындыланды. Ақсулық ағайынның амандық-саулығын сұраған аудан басшысы тиісті сала басшыларына нақты тапсырма беріп, жақын арада электр желілерін қалыңға келтіруді тапсырды.

Ақсу ауылында биыл 3 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Атап айтқанда, М.Әуезов, Т.Қожақұлов және Ақбөкет көшелеріне толық асфальт төселді. Сонымен қатар, тағы 3 көшеге атап айтсақ, С.Дәулетбеков, Алғабас, Ақарқы көшелеріне күрделі жөндеу жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, тиісті ұсыныстар жолданды.

Мұнан бөлек, ауыл тұрғындары әлеуметтік маңызы бар нысандар орналасқан орталық ішкі көше Т.Елеусінов көшесінде де күрделі жөндеу жұмыстар жүргізу қажеттігін қаперге салды.

Ақсу елді мекенін көркейтуді, көгалдандыру және абаттандыру бағытында бірқатар ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. Аталған мақсаттарға жалпы 4 млн теңге қаражат бөлінген.

Қазіргі таңда «Арсен» жеке кәсіпкерлігі арқылы Т. Елеусінов көшесінің бойындағы 400 метр жаяу жүргіншілер жолына брусчатка төсеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жасыл желек егу үшін қоршау құрылысын салу да қолға алынған. Жоба шілде айында толық аяқталып, пайдалануға беру жоспарлануда.

Елді мекеннің санитариялық тазалығын қамтамасыз ету мақсатында «Жалағаш қызмет» коммуналдық мекемесімен келісімшарт жасалып, тұрмыстық қалдықтарды арнайы орындарға шығару жұмыстары тұрақты түрде атқарылып келеді.

Бұдан бөлек, елді мекеннің ішкі көшелерін жарықтандыру бағытында да жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленген. Атап айтқанда, С.Дәулетбеков, Конституция, М.Найзабаев көшелерін жарықтандыруға 63,6 млн теңге, ал Т.Боранбаев, Т.Елеусінов және Бостай би көшелерін жарықтандыруға 68 млн теңге көлемінде ЖШҚ дайындалып, облыстық жол-лаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтім жолданды. Жалпы алғанда, атқарылып жатқан жұмыстар Ақсу елді мекенінің инфрақұрылымын жақсартып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Ақсуда өткен кездесу ауыл тұрғындарының аудан басшысының жасап жұмыстарына оң баға беріп, ақсақалдарының ақбата беруімен аяқталған.

Салтанатты шара

## ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ – АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Қоныбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде 23 маусым – мемлекеттік қызметшілер күні мен Қазақстан Полициясы күніне арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік жиынға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, сала мамандары мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, бірқатар қызметкер мен ардагерлерді марапаттады.



мен ардагерлерге құрмет көрсетіліп, олардың ел игілігі жолындағы еңбектері жоғары бағаланды.

Салтанатты жиында аудан әкімі Ардақ Әбдігапарұлы мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың ел дамуы мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды рөліне тоқталды.

Мемлекеттік қызмет пен полиция саласы – ел мүддесіне қызмет ететін, бір-бірімен тығыз сабақтас екі маңызды бөлік. Бірі мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етсе, екіншісі қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін сақтауға жауап береді. Екі саланың да басты мақсаты – халыққа адал қызмет көрсету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Заң мен тәртіп» қағидағы берік орнығып келеді. Бұл бастама мемлекеттік басқару сапасын арттыруға, құқықтық мәдениетті нығайтуға және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған міндеттердің табысты орындалуында мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Халық пен мемлекет арасындағы сенімді нығайту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғам игілігі үшін атқарып жүрген қызметтеріңіз әрдайым құрметке лайық. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін, – деді аудан әкімі.

Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың бейбіт өмірі – ең басты құндылықтардың бірі. Осы жолда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі ерекше. Тәртіп сақшыларының қызметі жоғары жауапкершілікті, бағылтықты, кәсібилік пен төзімділікті талап етеді. Олар қылымыспен күрестің алдыңғы шебінде жүріп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жолында уақытпен санаспай еңбек етіп келеді. Ауданда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде құқық бұзушылықтар көрсеткіші өткен

жылмен салыстырғанда төмендеп, қоғамдық тәртіпті нығайту бағытындағы жұмыстардың тиімділігі артып келеді. Бұл – тәртіп сақшыларының табанды еңбегі мен жүйелі жұмысының нақты нәтижесі.

Салтанатты шарада елдің оркендеуі мен мемлекеттік қызметтің дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлер марапатталды. Оларға «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, облыс әкімінің Алғыс хаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Алғыс хаты, сондай-ақ аудан әкімінің Құттықтауы мен Алғыс хаттары табыс етті.

Айта кетейік, жуырда Қызылорда облысы әкімінің жұлдісіне арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиада өз мәресіне жетті. Дәстүрлі спорттық доғара облыс көлемінен 18 команда қатысып, спорттың 10 түрі бойынша бақ сынады. Жарыс қорытындысында Жалағаш ауданының мемлекеттік қызметшілерден құралған құрамасы жоғары нәтижелер көрсетіп, қарсыластарынан оза шауып, командалық есепте 1 орынды иеленді. Бұл – аудан командасының жыл сайынғы спартакиадада қатарынан екінші рет қол жеткізген айтулы жетістігі.

Салтанатты шарада аудан әкімі жеңімпаз команда мүшелеріне құрмет көрсетіліп, марапатталды. Осылайша қос мерекелік жиын мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерінің еңбегін ұлықтап қана қоймай, аудан намысын қорғап жүрген спортшы мемлекеттік қызметшілердің жетістіктерін де дәріптеген тағылымды шараға айналды.

Мерекелік шара соны аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Сезім НҰР

Маман мерейі

Қай қоғамда болсын көзге көп көріне бермейтін, бірақ елдің тыныс-тіршілігі үшін қызмет ететін аса маңызды мамандық нелері болады. Солардың қатарында газет таратушылар да бар. Олар халық пен ақпарат арасындағы алтын көпір іспетті. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл қызмет үлкен жауапкершілікті, төзімділікті және адалдықты талап етеді. Осындай қасиеттері бойына жинаған жаңдардың бірі – кент тұрғыны, газет таратушы Мұханбетәлі Сәдеқұлы.



## ГАЗЕТ ТАРАТУ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Саналы ғұмырын еңбекпен өріп келе жатқан азаматтың өмір жолына көз салып қарап қарапайымдылық пен табандылықтың, адалдықтың жауапкершіліктің жарқын үлгісін аңғардық. Ол қай істі қолға алса да шынайы ықыласпен атқарып, еңбектің қадірін жастайынан бойына сіңіріп өскен жан.

Кейіпкеріміз 2016 жылдан бастап аудандық «Жалағаш жарысы» газетінде газет таратушы қызметін атқарып келеді. Солан бері ақпарат пен оқырман арасындағы байланысты үзбей, басылымның әр санын өз нелеріне уақытылы жеткізу жолында тынымсыз еңбек етуде. Біреулер үшін газет – жай ғана басылым болуы мүмкін. Ал Мұханбетәлі үшін ол – халыққа қызмет етудің бір жолы, ел алдындағы жауапкершілік.

– Өр газеттің артында қаншама адамның еңбегі жатыр. Журналист жазады, редактор түзетеді, баспахана басып шығарады. Сол еңбектің нәтижесі оқырман қолына жеткенде ғана толық мән табады. Сондықтан өз жұмысымды маңызды міндет деп санаймын, – дейді ол.

Шынында да, газет тарату оңай шаруа емес. Әсіресе Сыр өңірінің аптап ыстығы мен қақаған аязы, күздің қара суығы мен көктемнің лайсаңы кейде жұмысты тіптен күрделендіре түседі. Бірақ еңбек адамы қиындыққа мойымайды. Ол ауа райының қолайсыздығына қарамастан өз міндетін адал атқарып келеді.

Тіпті, қыс мезгілінде қар аралас боран соғып, көлік қатынасы қиындаған күндердің өзінде ол газет жеткізуді тоқтатқан емес. Жаздың аптап ыстығында да, күздің жауынды күндерінде де оқырманның аманатын орындауда асығады. Өйткені ол үшін сенімнен асқан жауапкершілік жоқ.

– Оқырман бізді күтіп отырады. Әсіресе ерте жастағы кісілер газет келетін күнді асыға күтеді. Кейде кешігіп қалсам, хабарласып сұрап жатады. Сондайда өз еңбегімнің адамдарға қажет екенін сезінемін. Бұл маған ерекше күш береді, – дейді ол.

Мұханбетәлі Сәдеқұлының еңбек жолындағы басты ерекшелігі – тұрақтылық пен жауапкершілік. Ол атқарған жұмысына ешқашан жеңіл қараған емес. Қарапайым еңбек арқылы көпшілікке қызмет етудің өзі үлкен мәртебе екенін жақсы түсінеді.

Аудан тұрғындары оны жақсы таниды. Себебі ол жылдар бойы талай шаңырақтың табалдырығын аттап, газет жеткізіп келеді. Оның жылғы жүзі, сыпайы қарым-қатынасы мен адамгершілік қасиеттері көпшіліктің құрметіне бөленуіне сеп болды. Осындай адал еңбектің нәтижесі де жоқ емес. Кейіпкеріміз қызметтегі жауапкершілігі мен табандылығының арқасында басылым тарапынан оң баға алып келеді. Ол әр жылдары түрлі алғыс хаттармен марапатталып, ұжым мен қоғамның ризашылығына ие болуда. Бұл марапаттар оның маңдай термен келген еңбегінің жемісі екені анық. Дегенмен кейіпкеріміз үшін ең үлкен марапат – халықтың алғысы.

– Қолыма алған алғыс хаттарымды құрметтеймін. Бірақ ең үлкен марапат – тұрғындардың ризашылығы. Көшеде кездескенде амандасып, алғысын айтып жатса, одан асқан қуаныш жоқ. Адам қай қызметте жұрса да, ең алдымен өз ісін жақсы көруі керек. Жұмысыңды жақсы көрсен, ешқашан ауырысыңбайсың. Мен өз еңбегімді мақтан тұтамын, – дейді ол.

Шын мәнінде, еңбек адамның қадірі атакпен емес, атқарған ісімен өлшенеді. Мұханбетәлі Сәдеқұлы осы қағидалы өмірлік ұстанымына айналдырған жан. Оның күнделікті атқарып жүрген қызметі қарапайым көрінгенімен, қоғам үшін маңызды зор. Бүгінде ақпарат ағыны жылдам дамыған заманда газет оқудың өзіндік орны бар. Әсіресе аудан өмірінің тынысын, елдің жаңалығын, жергілікті тұрғындардың жетістігін насихаттайтын басылымдардың мәні ерекше. Ал сол басылымның әр оқырманға уақытылы жетуіне үлес қосып жүрген Мұханбетәлі Сәдеқұлы секілді азаматтардың еңбегі қашанда құрметке лайық.

Еңбек жолында талай қиындықты өткізіп, адалдықтың ақ жолынан айнымай келе жатқан Мұханбетәлі Сәдеқұлы – жастарға үлгі болатын азамат. Оның өмір жолы адамға биік мансап емес, адал еңбек абырой ежелетінін дәлелдейді. Расында да, еңбек – адамды өсіретін ең ұлы құндылық. Ал сол еңбекті үнемі атқарып, қоғам игілігі үшін тер төгіп жүрген жаңдардың орны қашанда бөлек. Осындай еңбек адамдары барда қоғамның да, елдің де іргесі берік болары сөзсіз.

Ләззат САҒЫНТАЙҚЫЗЫ

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-нің құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2026 жылы 14 шілдеде сағат 10:00 де мына мекен жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Т.Қыстаубаев көшесі №4 үйі («Ауыл» КС) ЖШС-і ғимаратында)

Күн тәртібі:

1. «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-і құрылтайшыларының арыздарына сәйкес ішінара жарғылық капиталын азайту және шығару туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс пікірлеріңіз бар болса 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы, «Микроқаржылық қызмет туралы», Кредиттік серіктестіктер туралы Заңына, серіктестік Жарғысын басылымдық алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

## ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

«От ау құрған екі жас – екі адамның ғана емес, екі әулеттің тағдырын тоғыстырады» дейді халқымыз. Кейде бір отбасының өмір жолына үйікес, тұтас бір дәуірдің тынысын, еңбек адамның болмысын, ұлттық тәрбиенің құндылығын көреміз. Осындай өнегелі ғұмыр кешіп, елдің алғысына бөленген жаңдардың қатарында Бертаев Төлөбергелі мен Ергалиева Қоғажайдың орны ерекше.

Бұл шаңырақтың тарихы – маңдай термен келген абыройдың, өзара сыйластықтың, отбасыға деген адалдықтың және елге қызмет етудің жарқын үлгісі. Қоғажай апаның еңбек жолы өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында аудандық баспаханадан басталған. Жастайынан жауапкершілікті серік еткен ол қорғасыннан әріп теретін лентотип машинисі болып еңбекке араласты. Қарапайым жұмысыңдан қоғамдық өмірдің белсенді тұлғасына айналған Қоғажай апаның өмірі еңбекпен өрілген.

– Біз еңбек еткен кезеңде жұмыстың жеңілі болған жоқ. Таннан кешке дейін баспаханың қарбалас тіршілігінен жүріп. Бірақ ешқашан қиындыққа мойымадық. Ата-анамыз «Еңбек түбі – береке» деп тәрбиеледі. Бүгінгі көрген құрметтің барлығы сол адал еңбектің арқасы деп білемін, – дейді ол.

Расында, оның ұзақ жылғы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Екі мәрте депутат болып сайланып, пленум мүшесі атанды. Редакция мен баспаханадағы партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды. Еңбегі үшін түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болып, кейін «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атағын алды. Жолдасы Төлөбергелі ағаның өмір жолы да еңбек пен өнердің сабақтастығынан құралған. Қармақшы өңірінің Майлыөзек ауылында дүниеге келген ол жастайынан техникалық білім алып, ауыл шаруашылығы саласында, кейін электрлік қызметінде еңбек еткен.

– Біз еңбекке ерте араластық. Ағаларымыздың тәрбиесін көрдік. Қолымыздан келгенше үлкендердің айтынын орындап өстік. Нағашыларым өнерге жақын адамдар еді. Баян тартып, он-күйге әуестігін солардан дарыса керек, – дейді Төлөбергелі аға. Өмірдің ең кезеңі адамды шыңдайды. Төлөбергелі аға да тоқырау жылдарында жана бағыт таңдап, мәдениет саласына келген. Өнерге деген құштарлығы оны ауыл мәдениетінің бел ортасына алып шықты. Айтудына ауылдарды аралап концерт қойған кездері әлі күнге дейін көз алдында.

1994 жылдан бастап мәдениет саласында қызмет етіп, ауыл-аймақтың рухани өміріне өзіндік үлесін қосқан. Сахнада сүйемелдеуші болып, түрлі мәдени шаралардың ұйымдастырылуына атсалысқан.

Тағдыр қосқан екі жанның жолын 1982 жылы түйістірген. Сол күннен бастап олар өмірдің барлық қиындығы мен қуанышына бірге бөлініп келеді.



– Төлөбергелі қандай кезеңде де отбасының тірегі болды. Қиын шақтарда мойымады. Балалардың болашағын бәрін жоғары қойды. Менің қоғамдық жұмыстарға араласуыма әрдайым қолдау көрсетті. Отбасындағы татулықтың негізі де сол сыйластық деп ойлаймын. Байлық қалдыру міндет емес, жақсы тәрбие қалдыру маңызды. Сондықтан балаларымызды барынша адал және еңбеккер болуға тәрбиеледік. Бүгінде сол тәрбиенің жемісін көріп отырғанымызға шүкіршілік етеміз, – дейді Қоғажай Ергалиева.

Халқымыз «Жақсы әйел – үйдің ырысы, жақсы ер – түздің тынысы» дейді. Бұл сөз дәл осы шаңыраққа арнап айтылғандай. Бүгінде ерлі-зайыптылар төрт перзенттен тараған үлкен әулеттің ақылшы ақсақалы мен ақжарлықты анасына айналдып отыр. Балаларының барлығы жоғары білім алды, ел игілігі жолында еңбек етуде. Немере-шөберелерінің шат күлкісі олардың ғұмыр жолындағы ең үлкен марапат іспетті.

– Қоғажайдың еңбекқорлығына әрдайым тәтті болып келемін. Бір қолыммен қызметін атқарып, бір қолыммен отбасының берекесін сақтады. Халықтың сеніміне ие болуы да бекер емес. Адамның артында қалған ізі – ұрпақ. Балалардың амандығы мен елдің тыныштығынан артық бақыт жоқ. Қазір шөберелеріміздің ортасында отырғанымыздың өзі үлкен қуаныш, – дейді Төлөбергелі аға.

Жарты ғасырға жуық уақыт бойы бір шаңырақтың түтінін түзу түтетіп келе жатқан қос жанның өмірі кейінгі ұрпаққа өнеге. Екеуінің де өмір жолында маңдай тер, адал еңбек, азаматтық ұстаным мен отбасыға деген жауапкершілік қатар өрілген.

«Бақыт байлықта емес, бірлікте» дейді дана халқымыз. Төлөбергелі Бертаев пен Қоғажай Ергалиеваның ғұмыры осы сөздің айқын дәлелі. Еңбекпен өрілген бұл өмір шежіресі ұрпақ жадинада сақталып, талай жаңа үлгі болары анық.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

## АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Сыйбайлас жемқорлық мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамның әл-ауқатына кері әсер ететін келенсіз құбылыс. Сондықтан оған қарсы күрес жүргізу және оның алдын алу бүгінгі күнін басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Елімізде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Сыйбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша қоғамның ортақ ісі. Өрбір азамат заң талаптарын сақтап, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстанғанда ғана бұл індеттің жолын кесуге

болады. Әсіресе жастар арасында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, олардың бойына адал еңбек пен әділдікті дәріптеу маңызды.

Біздің мақсатымыз – халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтып, ашық әрі әділетті қоғам қалыптастыру. Осы бағытта Ақсу ауылдық округі әкімдігі тарапынан тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Өрбір азамат сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосып, заң талаптарын құрметтеуі қажет. Себебі адал қоғам – жарқын болашақтың кепілі.

Союзбек САДЫКОВ, Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы



### 2026 жылғы III тоқсанда Ақсу ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы	Ауылдық округі әкімі	Жұма сағ:15.00-19.00-ге дейін	Ақсу ауылы, Т.Елеусінов көшесі, №16	22-0-11

Салтанатты шара

# СӨЗ САЛТАНАТЫ МЕН РУХАНИЯТ ТОЙЫ

«Өнер алды – қызыл тіл», «Жақсының сөзі – жадында, ғалымның сөзі – қағазда» дейді дана халқымыз. Сөз – ұлттың рухын көтеретін, тарихын хаттайтын, өткенін бүгінге, бүгінгі келешекке жалғайтын киелі құдірет. Ал сөз сөзді елге жеткізіп, ақиқаттың ақ туын көтеріп жүрген журналист – уақыттың шежірешісі, халықтың жанашыры, қоғамның тамырын дөп басатын тұла.

Қай қоғамда болсын бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше.

Газет – халықтың айнасы, радио – елдің үні, теледидар – заманның тынысы болса, журналист – солардың жүрегі. Ел өміріндегі әрбір жаңалық пен жетістік, әрбір тарихи сәт алдымен қалам иесінің жүрегінен өтіп, оқырманға жол тартады. Сондықтан журналисттің еңбегі – уақытпен үдескен, жауапкершілігі зор, қадірі биік мамандық.

Осы игі ұстанымның жарқын көрінісіндей болған бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Жалағаш аудандық «Руханият орталығында» тағалымға толы, руханияттың мерейін өсірген ерекше шара өтті. Бұл күн тек ақпарат саласы қызметкерлерінің ғана емес, ауданның әдебиеті мен тарихына жанашыр барша азаматтардың мерекесіне айналды.

Мерекем қатар келген тағы бір қуанышты жаңалық – аудан әкімдігі мен аудандық мәслихаттың қолдауымен жарық көрген «Жыр жауһар» және «Өткен жылдар шежіресі» кітаптарының тұсауымен мерекесі болды.

Бұл екі еңбек – жай ғана кітап емес, туған жердің рухани шежіресі, ұлт жадына жаңғыртатын құнды мұра. «Жыр жауһар» жинағына ауданның ардагер ақындарының жүрек түкпірінен туған жырлары жинақталған. Ал Қазақ ССР Оқу-ағарту ісінің озық қызметкері, өлкетанушы-шежіреші Айтбай



Жетібаевтың «Өткен жылдар шежіресі» атты еңбегі туған өлкенің өткені мен бүгінгі сабақтастырған тарих қазына ретінде оқырманға жол тартты.

Халқымыз «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Айтбай Жетібаевтың сан жылдық ізденісі мен ардагер ақындардың жүрек үнін бір мұқабаға тоғыстырған бұл еңбектер – келешек ұрпаққа аманат болатын асыл мұра.

Шара шымалдығын аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов ашып, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекелерімен құттықтап, облыс әкімі және аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ сала ардагері Жанат Иманалиева 70 жасқа толуына орай «Жалағаш ауданының Құрмет грамотасын» иеленді.

Журналистің еңбегі көбіне көзге көрінбейді. Ол күннің аптабына да, түннің тыныштығына да қарамай, жаңалықтың соңында жүреді. Бірде қуаныштың жаршысы болады, бірде қайғының ортақтастырушысы болады.

Елдің әрбір қуанышы мен қиындығын халыққа жеткізу – олардың азаматтық борышы. Журналист – тарихтың үнісі күзегі. Бүгінгі жаңалық ертеңгі тарихқа айналды. Сол себепті әрбір жарияланған мақала, әрбір түсірілген сурет, әрбір хабар ғасырлар қойнауына қалатын шежіренің бір парағы.

Сонау 1934 жылдың 10 қаңтарында «Колхозшы» атауымен жарық көрген аудандық басылым әр кезеңде «Күршішлер», «Коммунизм үшін», «Коммунизм шамшырағы», «Жаңадария» болып шығып,

Тәуелсіздік алғаннан кейін «Жалағаш жаршысы» деп аталып, аптасына екі рет оқырманмен қауышып отыр.

Токсан жылдан астам уақыт ішінде газет талай буынның тағдырын, елдің еңбек шежіресін, ауданның өсіп-өркендеу жолын хатқа түсіріп келеді.

Газет бетінде аудан тарихы, талай тұңғыш тағалымды ғұмыры жазылды. Сондықтан «Жалағаш жаршысы» – жай ғана басылым емес, ауданның рухани жылнамасы.

Көпшілік асыға күткен сәт те келіп жетті. Сахна төріне қос кітап шығаруға ұйытқы болған азаматтар шақырылып, салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті.

Халықтың рухани байлығы – оның тарихы мен әдебиетінде. Бүгін жарық көрген қос кітап – өткеннің аманатын бүгінге жеткізген, бүгіннің қазынасын ертеңге табыстайтын құнды мұра. «Өткен жылдар шежіресі» – туған жер тарихының алтын қазығы болса, «Жыр жауһар» – жалағаштық ақындардың жүрек үні. Осындай еңбектер арқылы ұлттық жадымыз жаңғырып, кейінгі ұрпақ туған елсізін өткені мен өнегесін таниды. Бұл кітаптар әр шаңырақтың төрін орын алуға лайық, – деп, игі іс аталысқан азаматтарға ризашылығын білдірді.

Кітап – уақытпен бірге жасайтын ең сенімді мұра. Газет күн сайын өмірдің тынысын жазса, кітап ғасырлармен сырласады. Бүгін тұсау кесілген бұл қос еңбек – аудан руханиятының үлкен олжасы. Мұнда ақындардың жүрек дүппілі де, тарихшылардың тағалымды деректері де тоғысқан. Ардагерлердің ақжарма тілектерінен кейін қос кітаптың тұсауы кесіліп, оқырман қауымға жол тартты. Осылайша бұқаралық ақпарат қызметкерлері күнінде аудан руханиятының мерейін өсірген, әдебиет пен тарихты ұлықтаған айтулы сәттің куәсі болды.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

## ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН

Мәдениет ауылынан 35-40 шақырым жерде орналасқан «Қышбөтетін» өз тарихы бар. Ел аузындағы әңгімелерге сүйенсек, XIX ғасырда Сәдір би халыққа арық қыздырып, егін екізген екен. Зауыт салдырып, қыш күйдіріп шығарған. Жаңадарияның суын қысып, көпір де салған. Егістікке су көтеру үшін қыштан бөгет соқтырған. Міне, «Қышбөте» атауы осылай пайда болған көрінеді. Сол «Қышбөте» Жаңадарияның батыс жақ жетегінде екі үй тұр. Біріншісі кезінде орман шаруашылығында қызмет еткен Қалдыбек Ақсейітовтің үйі деседі. Ол кісі зейнеткерлікке шыққан соң Мәдениетке көшіп кетті. Екінші үй еңбек және тыл ардагері Әділбек Қоқашевтың қасиетті қарашаңырағы құтты қонысы екен.



Кез келген адамның туа бітті әкеңі қанымен, ананың сүтімен даритын мінезі, игі қасиеттері болады. Бірі ашық, жайдары болса, енді бірі томаға тұйық, тұрашыл мінезімен ерекшеленеді. «Тура биле туған жоқ, туғанды биле иман жоқ» демеу ме. Мен білетін Әбекке де хал демеу, қара демеу тұрасын айтып, туысына жақпайтын кісілігі жоқ, кішіпейіл қарапайым кісі еді. Өмір жолы да оңай соқпақсыз, бұраласыз болған жоқ. 1915 жылы Мақпалкөлде дүниеге келіп, сол ауылдағы мектепте оқыды. Ауыл баласын арман алға жетелеп, Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумының құрылыс факультетін оқып бітірді. Бірақ арнаулы білім алған жас жігіт ашаршылық, қуғын-сүргін кезеңдерді халықпен бірге көріп, басынан өткізді. Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің аталас туысы болғаны үшін жұмысқа тұрақтамай қудаланды да.

Амал жоқ, жұмысын бірнеше рет ауыстырып, туысқандарын жағалауға тура келді. Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумын оқып, мамандық алып келген соң прораб болып Қызылорда платинасын салуға атсалысты. Одан кейін Іңкәрдария, Ақжық совхоздарында құрылыс бригадасын басқарып, тұрғын үйлер мен мал қораларын салу жұмыстарына басшылық жасады. Қаракеткен совхозында директордың орынбасары болып мал шаруашылығында еңбек етті.

Ол 1972 жылы Ақжық арнасына қоныс келіп, қоныс тепті. 3 ферманың құрылыс бригадасында жұмыс істеді. Өмірінің соңына дейін орманышы болып табиғат байлығын қорғау жолында жемісті еңбек етті.

Қарапайым еңбек адамы көп сөйлеспейді, сөйлесе орныман ғана сөйлейтін, қабағы қатулы болғанмен жүрегі жұмсақ жан болатын. Бірақ жалқаулықты, жағымпаздықты жапы сүймейтін. Жұмысына салғырт қараған басшыларды басылым беттеріне сынап жазып, тәубесіне келтіргенін талай көзіміз көрді.

Айтпақшы, Әбекке екеуімз рухани жағынан жақын пікірлес, әріптес аға-іні болып сыйластық. Ол кісі журналист мамандығы болмаса да аудандық облыстық, республикалық газет-журналдарға мақалалар жазып тұрды. Мақала болғанда біреулерді мақтау, мадақтау емес, көбіне өткір сыни материалдарын оқып қайран қалатынымын.

Кемшілікті көріп тұрып көрмеген болу, елемдеу де – қылмыс. Бірақ дәлелсіз сөздің дәмі болмайды. Жалған жаспаң жала жапқан болсаң, оған қалай қарайсың, Сондықтан қандай мақала жазсаң да бұлтартпас дәлелің болсын, – деп әңгіме арасында өмірің тәжірибесің ортаға салып отыратын.

Шынымен де мал шаруашылығындағы кемшіліктерді жазып басшылыққа жеткізіп отыратын бір адам керек. Міне сондай жан Әбекенің араласуымен ауылда қаншама мәселелер шешімін тапты. Сөйтіп жергілікті тілші атанған ардагер ағамыз ауыл халқының ризашылығына бөленді.

Аудандық газетте жұмыс істеп жүргенім. Бір күні Әбекке ағам үйімізге кіріп келді. Қолындағы қорпаға жазу машинкасы бар. Аз кем амандықтан соң:

«Серік, сен журналистсің мынаны ал, бір кәдене жарап қалар» деп әлгелен қорып қолыма ұстата салды. Сол машинкамен таза мақала жазып, біраз жыл игілігін көрдім. Айтайын дегенім, Әбекенің жарқын бейнесі әділдікті ту еткен абыз ардагер, ақылшы комкор аға ретінде менің есімде сақталып қалды.

Айтпақшы Ұлы Отан соғысы басталғанда Әбекке денсаулығына байланысты майданға бара алмай қалады. Елмен бірге тылда егін егіп, мал бағып еңбек етеді. Әскери комиссариаттың таспырмасымен ел аралап көмелесті жасқа толған балаларды әскерге Отан қорғауға шақырып, үгіт түсінік жұмыстарын жүргізеді. Сонымен бірге қыс-жігіттерге атқа отырып шабуылы үйретіп, атты өскерлер армиясына жастарды дайындады.

«Кігіттің қосы оңбай ісі оңбас» дейді дана халқымыз. Еңбек және тыл ардагері Ө.Қоқашевтың жұбайы Айнатай Қанатқызы ақылды, парасатты, аяулы жан еді. Қышбөтеттен өткен жолдаушылардың көпшілігі үйге соғып, дәмді дастархан мәзірінен дәм татпай кеткен емес. Қонақжайлығымен, қарапайымдылығымен құрметке бөленген Айнатай апа өмірге 10 бала әкеліп тәрбиелеп өсірген «Батыр ана». Қайырбек, Тынымбек, Өмірбек, Әмірбек, Зейнеш, Темірбек, Жанар, Анар, Ақкенже, Айман есімді балалары ер жетіп өмірден өз орындарын тауып, елге кызмет етті. Сол ұл-қыздарынан тараған ұрпақтары бүгінде мәуелі бәйтеректей өсіп өніп жатыр.

Серік БЕРТАЕВ,  
ардагер-журналист

## СӨЗДЕН САРА ЖОЛ СОҚҚАН

Сөз – қуатты қару. Оны орнымен қолданып, ел мүддесіне қызмет ету әр журналистің маңдайына жазыла бермейді. Өмірінің елеулі бөлігін ақпарат саласына арнап, талай маңызды тақырыптарды қозғаған ардагер журналист Серік Бертаевтың еңбегі көпшілікке жақсы таныс. Ол журналистиканы жай мамандық емес, халыққа қызмет ету іні биік мінбері деп түсінді. Қаламының ұшымен қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, оқырман жүрегіне жол тапқан оның өмір жолы мен шығармашылық еңбегі кейінгі буынға әрдайым өнеге.



Алдын ала қоңырау шалып, келетінімді ескертіп қойғанмын. Мекен-жайды толық білсем де, такси шақырып, жолға шықтым. Бір қызығы, көңілімде еш алаң жоқ. «Жүргізуші білер ме екен?» деген ой оралмайды. Өйтсеуі бағытым «Серік ағайдың үйі». Расында, ауданда ол кісіні танымайтын жан кемде-кем екен.

Әңгіме басталғаннан-ақ уақыт пердесі түрілгендей болды. Бәлкім, сіз де жанымда отырсаңыз тұтас бір дәуірмен жүздесер едіңіз. Кейіпкерім еңке жазылым кезеңі енді басталар тұста дүниеге келген. Ауыл орталығындағы мектеп табалдырығын аттап, сауатын ашты. Зерек әрі алғыр болған. Үстаздарының үмітін ақтаған оқушылардың бірі. Он жылдық мектептің сегіз жылын ғана аяқтау себебі өз алдына бір тарих. Ол туралы кейіпкер тархатарыңыз. Ал қалама деген құштарыңыз ерте оянған. Төртінші сыныпта оқып жүргенде алғашқы өлеңін жазыпты. «Ана» атты тырнақалды туынды қабырға газетінде жарық көрген екен.

«Анашым, сені ойлаймын дүркін-дүркін, Ақ сүтінді ақтармын кейін бір күн».

Өлең жолдарын тыңдап отырып, оның төртінші сынып оқушысының қаламанын туғанына сену қиын. Балалықтан гөрі байыштылық басым. Ана алдындағы перзенттік парызы сезінген жүректің дүппілі. Бір сәтке қабырға газетінің алдында тұрған кішкентай Серікті көз алдыма елестеттім. Бәлкім, ол кезде өзі де болашақта журналистикаға ғұмырын арнап, ондаған кітаптың авторы боларын ойламаған шығар. Бірақ кейінгі жолдың бастауы дәл осы балаң шуммақтардан басталғаны анық.

Әкесі Бертай тұйық мінезді болғанымен, сөзге шешен, шежірені терен білетін жан болыпты. Көкірегі қазына жан сөйлей қалса, ауыл ақсақалдарының өзі ұйып тыңдайды екен. Бір әңгіме бастаса, өткеннің өнегесін тарқатып, аңыз бен ақиқатты сабақтастыра отырып, түннің екі-үшіне дейін жалықтырмай айтып отырады деседі. Өлеңге де жақын болған. Талай келінін бітарап жарып шырқап, ел арасында бір сөзді кісі атанған.

«Бір сөзді» дейтініміздің де жаны бар. Мектеп мұғалімдері оқуға алып кетер шақта бозбала Серіктің алдында екі жол тұрды. Бірі – білім қуып, арманға ұмтылу болса, екіншісі – жеке сөзі еді. Таразының бір басында өз болашағы тұрса, екінші басында қос жанарынан айырылған әкеңің көңілі мен отбасының жауапкершілігі жатты. Ол көп ойланбастан жеке мүддесін таңдады. Жүрегі басқа шешімді қалағанымен, шопандықтың жолына тіке бет бұрды. Қызылқұмның құмдауыт белдерінде қой соңында жүріп, маңдайыңды шығармаларды оқудан бір сәт көк үзбеді. Бір кітапты таңерттен алып кетсе, кешке дейін бір деммен тауысып шығатын әдеті болған. Қыс демей, жаз демей төрт түліктің қамын күйтессе де кітапқа деген сүйіспеншілігі ешқашан бәсеңдегені.

Сол жылдары оның рухани дүниесін қазак әдебиетінің алпыттары байытты. Ғабиден Мұстафиннің терен ойға жетелейтін шығармалары, Ғабит Мүсіреповтің көркем тілі, Лияз Есенберлиннің тарихи эпопеялары, Тахауи Ахтановтың адам тағдырын арқау еткен туындылары мен Мұхағали Мақатаевтың жүрекке жететін жырлары жас оқырманның

жан әлеміне ерекше әсер еткен. Әсіресе, «Дауылдан кейін», «Боран», «Құлдағы мұнарлар» секілді шығармаларды қайта-қайта оқып, әр жолынан өмірдің өз үнін естітін. «Қаламды қолыма ұстатқан да сол кітаптар дейтін» содан. Расында да, жақсы кітапты оқыған сайын көңілде бір толқыныс пайда болады. Кейіпкерлер тағдырына аландысың, жазушының айтар ойын саралайсың, ақырында өзіңнің де ойыңды қағазға түсіріп келеді. Кейіпкерімнің бойындағы шығармашылық ұмтылысы одан әрі жалынған.

Алғашқы мақалаларының дені ауыл тіршілігіне арналыпты. Шопандардың бейнеті, шөпшілердің еңбегі, малшылардың тыныс-тіршілігі оның қаламына арқау болған. Өйткені өзі де сол ортаның қазанында қайнап жүрген.

Сол жылдары Аққола ауылындағы жұртты толғандырған мәселенің бірі – жарық болатын. Электр қуаты мотор арқылы беріледі. Бірде жаппай, бірде сөніп, ауыл тұрғындарын әбгерге салатын кездер жиі кездескен. Болашақ тілші мұны жай ғана тұрмыстық қиындық емес, халықтың ортақ мұны деп қабылдаған.

Газетке шыққан мәселе жерде қалмайды. Белелі де, мыналы да күнті. Осы сеніммен аудандық газетке «Аққоладан – бір қолқа» атты мақала жаздым да ауыл тұрғындарының жалғыз өтінішін жеткіздім. Ол – жарық мәселесін шешу. Артық сөз қоспай, халықтың мұнын бүтінсіз баяндауға тырыстым. Бұл бір ауылдың ғана емес, сол кезеңдегі талай елді мекеннің көкейіндегі мәселе. Көп ұзамай мақала баспасөзде жарық көріп, көпшілікке жетті, – дейді ол.

Еңбекпен есейген бозбала алдына қойған мақсаттарынан ешқашан айыған емес. 1971-1976 жылдары Жаңадария совхозының №3 фермасында шопан болып еңбек ете, 1976-1978 жылдары әскер сапында азаматтық борышын өтеген.

«Алдыма төрт мақсат қойдым» дейді өзі. Оның алғашқысы – ата-анасының батасын алып, қолқанат болу, екіншісі – Отан алдындағы парызын өтеу еді. Жас жігіт бұл міндеттердің үдесінен абыроймен шыққан.

Ал үшінші мақсаты – білім алып, өз жолын табу болатын. Сол арман оны Алматыға жетелеп, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде білім алуға бел бұған. Айтудыңша қабылдау емтиханына жиырма бес талапкер қатысып, соның он бірі ғана оқуға қабылданады. Бәсеке күшті, үміткер көп. Емтихан алдында ұялымдан жүргендер де аз емес. Ал Серік аға болса Қызылқұмда оқыған жүздеген кітаптың өзіне серік боларына сенген.

Сәлден кейін емтихан нәтижесі жарияланған. Аудиторы іші тып-тыныш. Грантка түскен талапкерлердің есімдері рет-ретімен оқылып жатыр. Бірінші, екінші, үшінші... Тізім жалғасып жатты. Ал қабылданатын студент саны – он бір-ақ адам. Сөйтіп, он бірінші болып естілген дауыс «Серік Бертаев

– студент!». Осылайша, оның жастайынан алдына қойған төрт мақсатының үшіншісі – білім алып, мамандық несі атану арманы орындалған.

Қаламды серік еткен азаматтың бүкіл ғұмыры туған өлкеңнің тыныс-тіршілігімен біте қайнасып жатты. Ол 1984 жылы аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің табалдырығын әдеби қызметкер болып бастап, осы ұжымда шыңдалып, журналистиканың барлық сағысынан өткен. Тілші, радио хабарын ұйымдастырушы, сектор меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, редактор қызметтерін атқарып, аудан баспасөзінің дамуына өзіндік үлес қосқан. 2007 жылы аудан әкімі аппаратында баспасөз хатшысы қызметін атқарған.

Сұхбаттың қызған шағы. Үстел үсті тұнған тарих. Серік аға бір кітапты қолына алып үлгергенше, келесін сөз етеді. Әңгімесінің қарқынына ілесудің өзі еңбек. Мен мұқабасына көз тоқтатып үлгергенше ол кітаптың ішіндегі тұтастай бір тағдырды баяндап шығады. Мырзабай ахун туралы еңбегін таныстырып отырып, оның бес тілді меңгеруші, бағбандықпен айналысқанын, елге ағартушылық қызмет еткенін, тіпті есімі аудан көпелерінің біріне берілсе деген тілегін де жеткізіп үлгереді. Еді, журналистік қызметтен қатар өлке тарихын зерттеп, ел жалындығы туғандарды түгендеуді де парызы саналды. Соның нәтижесінде «Тәуелсіздік таны», «Қызылқұмды түлеткендер», «Тұлғана биік қараймын», «Меней батыр», «Мырзабай ахун», «Уақыт ұлықтаған ұстаз», «Шуақты мезгіл», «Жүрегімдегі шоқжұлдыз», «Жалағаштың сыры шежіресі» атты кітаптар жарық көрді.

Туған жердің тарихын түгендеп, елдің сөзін сөйлеген азаматтың еңбегі лайықты бағасын алды. Ол облыс әкімі, облыстық мәслихат, аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, «Ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медальмен иеленді. Қызылорда облысының Құрметті ардагері атанып, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі болды.

Көй соңында жүріп кітапқа құмар болған ауыл баласының қаламгерлік сапары осылайша ел шежіресін түгендеген ардагер журналистің ғұмырына ұласты. Жастайынан алдына қойған төрт мақсатының соңғысы да орындалды. Өмірлік серігі Бұрыш Төрөлмекемен шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасының негізін қалады. Бүгінде төрт перзенттен тараған ұрпағының қызығын көріп, немерелерінің ортасында абыройлы ғұмыр кешіп отыр. Төрт мақсат әркімде әрқалай болуы мүмкін. Бірақ Серік Бертаев өз мақсатын да, өз жолын да адалдай тапқан жан.

Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакциясы компьютер орталығында терініп, беттеліп, «А5!» баспа іш ЖШС сәнімерлік бас аруында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газетті таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс № 1089